



TURAN
UNIVERSITY

**Ministry of Science and Higher Education
of the Republic of Kazakhstan**

**EURASIAN SCIENTIFIC
JOURNAL OF LAW**

Scientific and practical journal



**No. 1(2)
2023
Almaty**

Certificate KZ81VPY00058517 dated 07.11.2022
Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan
Committee for Information

Owner: Establishment
Turan University

Released in December 2022.
once in quarter

EDITORIAL BOARD

Editor-in-Chief

Suleymanov Akif Firrudinovich – d.l.s., professor, Turan University

Deputy editor-in-chief

Aldabergenova Nonna Aldabergenovna – c.l.s., associate professor, head of the department of jurisprudence and international law, Turan University

Responsible editor

Dzhumabayeva Karlygash Asilkhannovna – PhD, associate professor, deputy head of the department of jurisprudence and international law, Turan University

Editor

Zhappar Karlygash Zinilabidinovna – c.ph.s., associate professor, Turan University

Scientific editors of sections

1. State law and management – Zhanuzakova Leila Telmanovna, d.l.s., professor, Turan University
2. Civil law, civil process – Sarina Salima Abdykadyrovna, c.l.s., associate professor, Turan University
3. Criminal Law, criminal process – Akimzhanov Talgat Kurmanovich, d.l.s., professor, Turan University
4. International and comparative Law – Lucik Victoria Vladimirovna, c.l.s., associate professor, Turan University

Members of the editorial board

1. Akhpanov Arstan Nokeshevich, d.l.s., professor, L.N. Gumilyov ENU
2. Abdrakhmanov Boris Amirzhanovich, d.l.s., professor, D. Kunaev Eurasian Law Academy
3. Aliyev Bakhtiyar Abdurakhmanovich, c.l.s., professor, Republic of Azerbaijan
4. Arabaev Avtandil Anisovich, d.l.s., professor, Kyrgyz Republic
5. Rehson Svetlana Nikolaevna, c.l.s., associate professor, Turan University
6. Balgintayev Aset Oralgazievich, PhD, L.N. Gumilyov ENU, member of the Public Council of the Ministry of Information and social development of the Republic of Kazakhstan
7. Baimakhanova Dina Muratovna, d.l.s., professor of the al-Farabi KazNU
8. Dilbarkhanova Zhanat Rakhimzhanovna, d.l.s., professor, Almaty Academy of the Ministry of internal affairs of the Republic of Kazakhstan
9. Zhusipova Bakyt Akylbaevna, c.l.s., docent, L.N. Gumilyov ENU
10. Zhadauova Zhanara Abdylbaevna, c.l.s., leading researcher of the Department of analysis of the effectiveness of legislation, Institute of legislation and legal information of the Republic of Kazakhstan
11. Isaeva Clara Asangazyevna, d.l.s., professor, Kyrgyz Republic
12. Nysanbekova Lyazzat Begimzhanovna, PhD, associate professor, al-Farabi KazNU
13. Alayeva Gulnaz Tursunovna, c.l.s., professor, Turan University
14. Rysmendeev Baktybek Jenishbekovich, d.l.s., professor, Kyrgyz Republic
15. Saktaganova Indira Sovetovna, c.l.s., associate professor, L.N. Gumilyov ENU
16. Seliverstov Vyacheslav Ivanovich, d.l.s., professor, M. Lomonosov Moscow State University, Russian Federation
17. Skakov Aidarkhan Baydekovich, d.l.s., professor, Kostanay Academy of the Ministry of internal affairs of the Republic of Kazakhstan
18. Suleimenova Saule Zhusupbekovna, d.l.s., professor, Turan University
19. Syzdykova Leila Chinturganovna, d.l.s., professor, Kyrgyz Republic

Turan University owns the exclusive rights to reprint
certain materials, publish and use the journal commercially

© Turan University, 2023

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министірілігі
Ақпарат комитетінің
07.11.2022 ж. KZ81VPY00058517 қуәлігі

**Меншіктенуші: «Тұран»
Университеті» мекемесі**

**2022 ж. Желтоқсаннан бастап
тоқсанына бір рет шығады**

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

Бас редактор

Сулейманов Акиф Фиррудинович – з.ғ.д., профессор, «Тұран» университеті

Бас редактордың орынбасары

Алдабергенова Нонна Алдабергеновна – з.ғ.к., қауымдастырылған профессор, «Құқықтану және халықаралық құқық» кафедрасының меңгерушісі, «Тұран» университеті

Жауапты редактор

Джумабаева Карлыгаш Асылхановна – PhD, қауымдастырылған профессор, «Құқықтану және халықаралық құқық» кафедрасы меңгерушісінің орынбасары, «Тұран» университеті

Редактор

Жаппар Карлыгаш Зинилабидиновна – ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор, «Тұран» университеті

Секциялардың ғылыми редакторлары

1. Мемлекеттік құқық және басқару – Жанузакова Лейла Тельмановна, з.ғ.д., профессор, «Тұран» университеті
2. Азаматтық құқық, азаматтық үрдіс – Сарина Салима Абдыкадыровна, з.ғ.к., қауымдастырылған профессор, «Тұран» университеті
3. Қылмыстық құқық, қылмыстық үрдіс – Акимжанов Талгат Курманович, з.ғ.д., профессор, «Тұран» университеті
4. Халықаралық және салыстырмалы құқық – Люцик Виктория Владимировна, з.ғ.к., қауымдастырылған профессор, «Тұран» университеті

Редакциялық алқа мүшелері

1. Ахпанов Арстан Нокешевич, з.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ
2. Абдрахманов Борис Амиржанович, з.ғ.д., профессор, Д. Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясы
3. Алиев Бахтияр Абдурахманович, з.ғ.к., профессор, Әзірбайжан Республикасы
4. Арабаев Автандил Анинович, з.ғ.д., профессор, Қырғыз Республикасы
5. Рехсон Светлана Николаевна, з.ғ.к., қауымдастырылған профессор, «Тұран» университеті
6. Балғынтаев Асет Оралгазыевич, PhD, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрілігінің Қоғамдық кеңесінің мүшесі
7. Баймаханова Дина Муратовна, з.ғ.д., профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
8. Дильбарханова Жанат Рахимжановна, з.ғ.д., профессор, ҚР ИМ Алматы академиясы
9. Жусипова Бакыт Ақылбаевна, з.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ
10. Жадауова Жанара Абдылдаевна, з.ғ.к., Заңнама тиімділігін талдау бөлімінің ж.ғ.к., ҚР заңнама және құқықтық ақпарат институты
11. Исаева Клара Асангазыевна, з.ғ.д., профессор, Қырғыз Республикасы
12. Нысанбекова Ляззат Бегимжановна, PhD, доцент, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
13. Алаева Гульназ Турсуновна, з.ғ.к., профессор, «Тұран» университеті
14. Рысмендеев Бактыбек Дженишбекович, з.ғ.д., профессор, Қырғыз Республикасы
15. Сактаганова Индира Советовна, з.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ
16. Селиверстов Вячеслав Иванович, з.ғ.д., профессор, М. Ломоносов атындағы ММУ, Ресей Федерациясы
17. Скаков Айдархан Байдекович, з.ғ.д., профессор, ҚР ИМ Қостанай академиясы
18. Сулейменова Сауле Жусупбековна, з.ғ.д., профессор, «Тұран» университеті
19. Сыздыкова Лейла Чинтургановна, з.ғ.д., профессор, Қырғыз Республикасы

«Тұран» университетінің жеке материалдарды қайта басуға, журналды басып шығаруға
және коммерциялық пайдалануға айрықша құқығы бар

© «Тұран» университеті, 2023

Свидетельство № KZ81VPY00058517 от 07.11.2022 г.
Министерство информации и общественного развития Республики Казахстан
Комитет информации

Собственник: учреждение
«Университет «Туран»

Выходит с декабря 2022 г.
один раз в квартал

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Главный редактор

Сулейманов Акиф Фирудинович – д.ю.н., профессор, университет «Туран»

Заместитель главного редактора

Алдабергенова Нонна Алдабергеновна – к.ю.н., ассоциированный профессор,
зам.кафедрой «Юриспруденция и международное право», университет «Туран»

Ответственный редактор

Джумабаева Карлыгаш Асылхановна – PhD, ассоциированный профессор,
зам.зам.кафедрой «Юриспруденция и международное право», университет «Туран»

Редактор

Жаппар Карлыгаш Зинилабидиновна – к.ф.н., ассоциированный профессор, университет «Туран»

Научные редакторы секций

1. Государственное право и управление – Жанузакова Лейла Тельмановна, д.ю.н., профессор, университет «Туран»
2. Гражданское право, гражданский процесс – Сарина Салима Абдыкадыровна, к.ю.н., ассоциированный профессор, университет «Туран»
3. Уголовное право, уголовный процесс – Акимжанов Талгат Курманович, д.ю.н., профессор, университет «Туран»
4. Международное и сравнительное право – Люцик Виктория Владимировна, к.ю.н., ассоциированный профессор, университет «Туран»

Члены редакционной коллегии

1. Ахпанов Арстан Нокешевич, д.ю.н., профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева
2. Абдрахманов Борис Амиржанович, д.ю.н., профессор, Евразийская юридическая академия имени Д. Кунаева
3. Алиев Бахтияр Абдурахманович, к.ю.н., профессор, Азербайджанская Республика
4. Арабаев Автандил Анисович, д.ю.н., профессор, Кыргызская Республика
5. Рехсон Светлана Николаевна, к.ю.н., ассоциированный профессор, университет «Туран»
6. Балгынтаев Асет Оралгазыевич, PhD, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, член Общественного совета Министерства информации и общественного развития РК
7. Баймаханова Дина Муратовна, д.ю.н., профессор, КазНУ им. аль-Фараби
8. Дильбарханова Жанат Рахимжановна, д.ю.н., профессор, Алматинская Академия МВД РК
9. Жусипова Бакыт Акылбаевна, к.ю.н., доцент, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева
10. Жадауова Жанара Абдылдаевна, к.ю.н., в.н.с. Отдела анализа эффективности законодательства, Институт законодательства и правовой информации РК
11. Исаева Клара Асангазыевна, д.ю.н., профессор, Кыргызская Республика
12. Нысанбекова Ляззат Бегимжановна, PhD, доцент, КазНУ им. аль-Фараби
13. Алаева Гульназ Турсуновна, к.ю.н., профессор, университет «Туран»
14. Рысмендеев Бактыбек Дженишбекович, д.ю.н., профессор, Кыргызская Республика
15. Сактаганова Индира Советовна, к.ю.н., ассоциированный профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева
16. Селиверстов Вячеслав Иванович, д.ю.н., профессор, МГУ имени М. Ломоносова, Российская Федерация
17. Скаков Айдархан Байдекович, д.ю.н., профессор, Костанайская Академия МВД РК
18. Сулейменова Сауле Жусупбековна, д.ю.н., профессор, университет «Туран»
19. Сыздыкова Лейла Чинтургановна, д.ю.н., профессор, Кыргызская Республика

Университету «Туран» принадлежат исключительные права на перепечатку
отдельных материалов, издание и коммерческое использование журнала

1 ГОСУДАРСТВЕННОЕ ПРАВО И УПРАВЛЕНИЕ

FTAPX 10.31.35

ӘОЖ 340.114.5

JEL K10

<https://doi.org/10.46914/2959-4197-2023-1-1-5-12>**Д.Ә. БАКИРОВ,*¹**

з.ғ.м., сениор-лектор.

*e-mail: d.bakirov@turan-edu.kz

ORCID 0000-0003-3836-1998

¹«Тұран» университеті,
Алматы, Қазақстан**ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕНТАЛИТЕТТІ ЖЕТІЛДІРУДЕГІ
ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ****Аңдатпа**

Құқықтық жүйе үшін барлық элементтердің тиімді қызмет етуі өте маңызды. Мақала қазақстандық қоғамдағы құқықтық менталитет, құқықтық мәдениет, құқықтық сана, құқықтық менталитетті қалыптастырудағы құқықтық тәрбиелеудің маңыздылығы мәселелерін зерттеуге арналған. Азаматтардың құқықтық мәдениеті, құқықтық санасының төмендігі тұтастай қоғамның құқықтық мәдениетінің әлсіреуі мен құқықтық жүйенің тұрақсыздығына әкеп соғады. Мақалада құқықтық мәдениет, құқықтық сана және құқықтық менталитет, құқықтық тәрбиелеу ұғымдары, өзара әсері, маңызды элементтері, өзара әсері зерттелді. Осы құқықтық құбылыстардың өзара әсерін зерттеудің қажеттілігі қазақстандық қоғамда құқықтық сана және құқықтық мәдениет деңгейін жаңа деңгейге көтеруге өз септігін тигізеді. Құқықтық сана, құқықтық мәдениет және құқықтық менталитет мәселелері қоғамдағы азаматтардың менталдық ерекшеліктерін, олардың ортақ қалыптасқан құндылықтар жүйесін ескере отырып, кешенді түрде қарастырылуы қажет. Бұл ұлттық құқықтық ғылымның маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Зерттеу нәтижесі ұлттық құқықтық жүйесінің қазіргі жағдайын талдау, құқықтық мәдениет, құқықтық сана және құқықтық менталитеттің бүгінгі тұрғыдан дамыту, терең түсіну бағыттары мен шараларын әзірлеу болып табылады.

Тірек сөздер: қоғам, құқықтық мәдениет, құқықтық сана, құқықтық менталитет, құқықтық тәрбиелеу.

Кіріспе

Азаматтардың менталдық және рухани жаңғыруы замануи дамыған қоғам құрудың алғышарты болып табылады. Бүгінгі таңда қазақстандық мемлекет және қоғам өзінің трансформациялануы кезеңінен өтуде. Қоғамдағы құқықтық сана сезімді көтеру мемлекет алдында тұрған аса маңызды міндеттердің бірі. Өйткені, құқықтық сана сезімі жоғары және рухани терең білімді азаматтар ғана өзінің құқықтары үшін күресуге ерікпен тиісті құқықтық білімге ие болады. Осындай азаматтар Отан және мемлекет алдында өз міндетін сезініп, құқыққа құрметпен қарайды.

Құқықтық сана барлық қоғам үшін қай кезде де маңызды функцияны атқарады. Құқықтық сананың деңгейіне қарап, тұтастай мемлекеттің құқықтық жағдайы туралы қорытынды жасауға болады. Азаматтардың құқықтық санасы құқықтық нормалардың жүзеге асуының тиімділігіне әсер етеді. Сондай-ақ, тиісті құқықтық саясат жүргізу барысында осы мемлекетте өмір сүретін азаматтардың, жалпы қоғамның менталитетінің ерекшеліктері, құндылықтары және дүниетанымы да шешуші фактор болады.

Осы уақытқа дейін қазақстандық құқықтық ғылымда құқықтық менталитет мәселесі терең зерттелген емес. Дегенмен, жүргізіліп жатқан реформалар мен қабылданып жатқан заңдардың

тиімділігін арттыру мәселесі қоғамның, азаматтардың құқықтық менталитетін кеңінен зерделеу қажеттілігін тудырады. Құқықтық менталитетті зерделеу және оны қалыптастырудың әмбебап стратегиялары мен әдіс-тәсілдерін әзірлеу, біздің ойымызша, көпұлтты қазақстандық қоғамның дәстүрі, әдет-ғұрыптары, құндылықтары және мәдениетін ескере отырып, құқықтық жүйенің тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз етуге, мемлекеттік басқару процестерін және іргелі даму мәселелерін оңтайлы шешуге мүмкіндік береді.

Құқықтық сана, құқықтық мәдениет және құқықтық менталитетті қалыптастыру мен қамтамасыз етудің маңызды құралы ретінде құқықтық тәрбиелеудің рөлі, атқаратын қызметі және жалпы маңызыдылығын зерттеудің теориялық және тәжірибелік мәні зор. Қызығы, құқықтық тәрбиелеу сөзін ағылшын тіліне аударғанда «құқықтық білім беру» деген мағынаны білдіреді. Осы тұрғыдан алып қарағанда, құқықтық тәрбиелеуді тұтастай қоғамның құқықтық түсінігі мен менталитетін жетілдіруші фактор және құқықтық құрал деп қарастырған жөн деп санаймыз.

Отандық құқықтық ғылымда, құқықтық менталитет термині мен феномені жаңа құбылыс. Құқықтық сана теориясында өзіндік орны мен сипаты болуына қарамастан, құқықтық менталитетті жеке дербес зерттеу мен әлеуметтік құқықтық ортадағы орны мен рөлін анықтаудың қажеттілігі анық. Сәйкесінше, отандық қоғамдық ғылымда, менталитет мәселелеріне қатысты батыл, әрі жан жақты зерттеулер жасалуы маңызды.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу тақырыбын әзірлеу кезінде жалпы ғылыми және жеке ғылыми әдістер қолданылады. Оларға нақтырақ айтсақ, құқық ғылымында орын алған абстрактіден нақтыға көшу әдісі, әлеуметтік және құқықтық құбылыстар мен процестерді танудың диалектикалық әдісі, сондай-ақ формальды-логикалық, салыстырмалы-құқықтық, жүйелілік (оның ішінде құжаттарды зерттеу, контент-талдау) жатады.

Әдебиетке шолу

Қай кезде болмасын құқықтық тәрбиелеу мәселесі өзінің өзектілігінен арылған емес. Құқықтық тәрбиелеуге байланысты ғылыми зерттеулер отандық және шетелдік ғалымдар Л.Н. Пушкарёв [2], М.Б. Смоленский [4], Г.К. Мукашева [8], В.В. Головченко [9], А.С. Саткенов [10] сияқты зерттеушілердің еңбектерінен көрініс табады.

Негізгі ережелер

Менталитет – тұлғаның немесе тұтастай халықтың мінез-құлқында, өмірінде және жүріс-тұрысында көрініс алатын және олардың мәдениетімен, тілімен, дінімен, тәрбиесімен, әлеуметтік қарым-қатынасымен шартталған сананың аз өзгеретін тұрақты құрылымы [1]. Ал, құқықтық менталитет тұлғаның немесе қоғамның құқықтық шынайылыққа қарым қатынасын көрсетеді және осы құқықтық шындықты және тәжірибені қабылдаудың, бағалаудың, түсінудің тиісті әдістерін білдіреді. «Менталитет» терминінің пайда болуын кейбіреулер латынның «mens» сөзімен және одан шыққан «mentalis» сын есіммен (mens, mentis – ақыл және animus – басқалар) байланыстырады [2, 158 б.]. Өзге ғалымдар менталитет француз тіліндегі баламасы «mentalis» сөзінен шыққан деп есептейді, олардың пікірінше, «дүниетаным» дегенді білдіреді [3, 8 б.]. XVII ғасырда ағылшын «менталитеті» сөзі пайда болды және ол ағылшын философиясының жемісі болғандықтан, философиялық термин болып қала берді [4, 126 б.]. Францияда XVIII ғасырда «менталитет» сөзі белгілі бір дәрежеде Вольтердің еңбектерінің арқасында пайда болып, XX ғасырдың басына дейін тамыр жайды, бұл сөз әлі де неологизм ретінде қабылданды. Болашақта бұл термин қарапайым сөйлеуде қолданыла бастады, ол қарым-қатынас пен мінез-құлықтың ұжымдық жүйелерін білдірді. Еуропа елдерінің көпшілігінде бұл термин ғылыми әдебиеттерде тек XIX ғасырдың ортасынан бастап белсенді түрде қолданыла бастады.

Адам және қоғамның құқықтық менталитетін қалыптастыруға қоғамдағы әр түрлі әлеуметтік нормалар, адамдардың мінез-құлқын реттейтін қағидалар, заңдардың мазмұны өз әсерін тигізеді. Құқықтық мәдениет және құқықтық сананың деңгейі сәйкесінше белгілі бір

деңгейде қоғамдағы құқықтық менталитетке әсерін тигізеді және оған тәуелді болады. Сол себептен, құқықтық мәдениетті және құқықтық сананы қалыптастыру және дамыту құқық тасымалдаушыларының менталитетін, менталдық деңгейін сапалы түрде жаңғыртпай мүмкін емес.

Осы орайда, қоғамның және адамдардың құқықтық менталитетінің ерекшеліктерін ескере отырып, құқықтық сана мен құқықтық мәдениетті жүйелі тиімді қалыптастыру, олардың деңгейін көтеру және қамтамасыз ету болып табылады. Бұл өз кезегінде, қоғамда құқықтық сана мен құқықтық мәдениетті, саяси-құқықтық идеяларды, құқыққа сай жүріс тұрысты қалыптастыруға бағытталған шаралар жүйесінің, басқаша айтқанда, тиімді құқықтық тәрбиелеудің кешенді жүйесінің болуын қажет етеді. Құқықтық тәрбиелеу тұлғаның құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетін дамытуға, құқық үстемдігін, құқықтық құндылықтарға сәйкес келетін тиісті жүріс-тұрысты қамтамасыз етуге бағытталады.

Құқықтық менталитет әлеуметтік топтардың, сыныптардың, ұлттың, тұлғаның мемлекет және құқықтың қызмет етуіне, қоғам өміріндегі құқықтық және саяси шынайылыққа қатысты тұрақты дүниетанымын көрсетеді. Ол белгілі бір әлеуметтік немесе ұлттық-этникалық қоғамдылыққа неғұрлым тән тұрақты ерекше тарихи қалыптасқан мемлекеттік құқықтық шынайылықтың объектілерін бағалау және оларға әсер етудің дүниетанымдық көзқарастарының жүйесі. Құқықтық менталитет қоғамның рухани өмірінің өзге де құқықтық құбылыстарының ішінде өмір сүріп жатқан құқықтық шынайылықтың терең көрінісі, төменгі сатысы болып табылады.

Нәтижелер мен талқылау

Қоғамның құқықтық деңгейін бағалаудағы маңызды элемент – мемлекеттің құқықтық жүйесі. Кез келген құқықтық акт заңды, яғни қоғам менталдық санасында үстемдік ететін әділдік, теңдік, бостандық идеяларына сай болуы тиіс. Құқықтық мәдениеттің барлық элементтерінің өзара тығыз байланысының маңыздылығы: тиісті құқықтық көзқарастар дамымай, терең, саналы және игерілген құқықтық білімсіз құқық, мемлекет және тиісті құқықтық қатынастардың дамыған нысандарының қалыптасуы мүмкін емес.

Құқықтық сана қоғамдық сананың маңызды нысаны бола отырып, құқықтық құбылыстар мен үрдістерді ұғынуды бейнелейді. Құқықтық сана тұлғаның қоғамдағы құқықтың алатын орнын, маңызын ұғынып, бағалап, құқықтық нормаларды мойындау және оларға бағынуға бейімділігін көрсетеді. Сол себепті, құқықтық сана дегеніміз тұлғаның қолданыстағы құқық нормаларына деген көзқарастары мен сезімдерінің, оларға тиісінше баға беру мүмкіндіктерінің жиынтығы болып табылады. Құқықтық сананы адамгершілік қағидаларымен, барлық азаматтардың ізгі санасымен органикалық байланыста тәрбиелеу – қоғамның және тұлғаның құқықтық мәдениетін көтерудің үздіксіз процесі болып табылады.

Құқықтық сананы тәрбиелеу отбасында, мектепте, рухани қарым-қатынаста адамгершілік құндылықтарды, нормаларды бойына сіңіруден басталады. Құқықтық тәрбиелеуде көркем әдебиет пен бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі зор. Құқықтық тәрбиелеу тек құқықтық тәрбиемен, құқыққа деген оң көзқарасты қалыптастырумен шектелмейді, ол жеке тұлғаның құқықтық қызметінде, оның құқықтық мәдениетінде көрініс табады. Жеке тұлғаның құқықтық мәдениеті оның құқықтық білім негіздерін меңгеруден, заңды құрметтеуден, заңдылықты саналы түрде сақтаудан, құқықтық жауапкершілікті түсінуден, құқық бұзушылыққа төзбеуінен көрініс алады. Азаматтардың өз құқықтары мен бостандықтарын, сондай-ақ мемлекет пен қоғам алдындағы міндеттерін білуі құқықтық мәдениеттің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады [5, 272–274 б.].

Құқықтық сана адам, азамат, қоғам мүддесіне сәйкес келетін, олардың мүдделерін қанағаттандыратын құқықтық нормаларды ортақ игілік үшін қабылдау қажеттілігінің негізгі бастамашысы болып табылады. Құқықтық мәдениет құқық нормаларын білу, толық түсіну, оларды өз қызметінде басшылыққа ала отырып, қызмет етуді білдіреді. Құқықтық мәдениет құқықтық санамен тығыз байланысты және соған тәуелді жағдайында дамиды.

Құқықтық сана, құқықтық мәдениет және тұтастай құқықтық менталитетті қалыптастыруда құқықтық тәрбие маңызды фактор болып табылады. Ол құқықтық сана мен құқықтық мәдениетті қалыптастырудағы мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың іс-әрекетінің

көрінісі алады. Біздің ойымызша, құқықтық сана және құқықтық мәдениет деңгейін арттыруда мемлекет неғұрлым құқықтық тәрбиеге ерекше мән беруі тиіс. Қазіргі біздің қазақстандық қоғамдағы аса маңызды мәселелердің бірі болып отыр. Мемлекет және қоғам тарапынан кешенді түрде жүргізілетін қызмет қана құқықтық сана мен құқықтық мәдениеттің дәрежесін көтеруге және қамтамасыз ете алады.

Құқықтық тәрбиелеу қоғамда және адамдарда құқықтық мәдениетті және құқықтық құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған кешенді жүйелі қызмет. Құқықтық тәрбиелеу жалпы азаматтық тәрбие жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі. Ол адамның мақсатты дамуы, білім алу арқылы жүзеге асырылатын қоғамның құндылықтарын дамытудың маңызды құралы ретінде анықталады. Құқықтық тәрбиелеу мемлекет тарапынан қоғам, білім беру, ата-аналар, мемлекеттік органдар және т.б. ұйымдардың тиімді қызмет етуін талап ететін кешенді бағдарламалар мен тиімді жүйенің қызмет етуін қажет етеді.

Мемлекет және қоғам үшін құқықтық тәрбиелеудің маңыздылығы әрқашан да, белгілі ойшылдар мен ғалымдардың назарында болды. Бұл бағыттағы алғашқы идеялар мен зерттеулер Аристотель, Платон, Т. Гоббс, Дж. Лок, Ж.Ж. Руссо, К. Гельвеций, А. Дистерверг, Г. Кершентштейнер, Н.М. Карамзин және тағы басқаларымен әзірленді [6, 16–27 б.].

Құқықтық тәрбиелеу сонымен бірге құқықтық менталитетті қалыптастырудың маңызды құралы, себебі, құқықтық тәрбиелеудің ақырғы мақсаты қоғам мен адамның құқықтық мәдениеті мен санасын жетілдіру, сол арқылы, олардың құқықтық шынайылыққа оң әлеуметтік қарым қатынасын қалыптастыру болып табылады. Өз кезегінде құқықтық менталитет құқықтық тәрбиелеудің ішкі рухани мазмұнын айқындайтын, және ол әсер етуге бағытталған объект болып табылады. Басқаша айтқанда, құқықтық тәрбиелеу қоғам мен адамның құқықтық менталитетіне әсер етіп, оны сапалы жаңғырта отырып, құқықтық сана мен құқықтық мәдениетті қалыптастыруды қамтамасыз ету арқылы жүзеге асырылады.

Құқықтық құндылықтар жан-жақты қамтылған және ұзақ мерзімге арналған тиісті құқықтық саясатты дәйекті түрде жүргізу арқылы қалыптастырылады. Ол заңнаманы жүйелендіру, құқықтық ақпаратты іздеудің қолжетімді жүйесін құру, халыққа құқықтық білім беруді ұйымдастыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шараларды қамтуы тиіс.

Қазақстан Республикасының 2030 жылға арналған құқықтық саясат тұжырымдамасында Конституцияда бекітілген іргелі құндылықтарға сәйкес азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру, заңды әлеуметтік белсенді мінез-құлқын қалыптастыру мақсатында құқықтық насихат пен құқықтық тәрбие беру бойынша жүйелі жұмысты жалғастыру қажет екендігі атап көрсетілген [7]. Дегенмен, тұжырымдамада құқықтық тәрбиелеудің кешенді жүйесін қалыптастыру, оны жүргізудің субъектілері мен тетіктерін ашып көрсетпейді. Осы тұрғыда, тұжырымдама мемлекет және қоғам тарапынан құқықтық тәрбиелеу бойынша жүргізілетін қызметті толық қамтуы қажет деп пайымдаймыз.

Құқықтық тәрбиелеуді жалпы тәрбие берудің маңызды құрамдас бөлігі деп қарастыратын болсақ, онда ол болашақ тұлғаның өмірге көзқарастары мен ұстанымдары, қоғамдағы болашақ мінез-құлқының негіздері қалыптаса бастайтын бала кезінен бастап жүргізілуі қисынды. Дер кезінде берілетін құқықтық тәрбие заңдар мен адамгершілік қағидаларды құрметтейтін, құқықтық мәдениеті жоғары азаматты қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бала бақша, мектеп және отбасыда бала адамгершілік, әдеп, заңды мінез-құлық, құқықтық қағидаларды үйрене бастайды, бұл қасиеттер болашақ азаматтың заңды мінез-құлқы мен құқықтық келбетін қалыптастыруға зор әсерін тигізеді.

Осы орайда, бала бақшадағы тәрбие мен оқыту бағдарламасында адамгершілік-құқықтық тәрбие беру ерекше назарды талап етеді. Бұл тәрбиенің мақсаты – баланың моралдық-құқықтық қасиеттерінің негізін, оның бастапқы құқықтық идеялар мен қағидаларды түсінуі және меңгеруі, жүріс-тұрыс ұстанымдарын қалыптастыру, ата-аналарды құқықтық тәрбиелеу болып табылады.

Баланың жас және менталдық ерекшеліктерін ескере отырып, қоғамда өзін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін құқықтық тәрбиелеудің замануи құралдары мен тәсілдері жүйесі әзірленуі тиіс. Мысалы, бала бақшада балаға түсінікті және тез қабылдауға мүмкіндік беретін құқықтық құндылық ретінде үйрететін және алғашқы құқықтық білім беруді көздейтін оқу бағдарламалары енгізілуі керек. Ең бастысы, құқықтық тәрбиелеудің негізінде әрқашанда әдеп және моралдық

нормалары мен қағидалары тұруы тиіс. Құқықтық нормалар, құқықтық құндылықтар және қағидаларды игеру құқықтық тәрбиенің мазмұның құрайды.

Сонымен қатар, мекепке дейінгі, орта білім беру және жоғары оқу орындарында құқықтық білімді қалыптастыру мен құқықтық тәрбиелеудің байланысы мен сабақтастығын қамтамасыз ету маңызды. Құқықтық тәрбиелеу жүйесін қалыптастыруда тұтастай білім беру орындарындағы құқықтық білімнің көлемі, мазмұны мен тәжірибелік бағыты логикалық тұрғыдан ұштасып, бала мен жастарға неғұрлым түсінікті болуы керек. Алайда, қолданыстағы заңнама мен бағдарламалардың талдауы құқықтық тәрбиелеу мен құқықтық білім берудің біртұтас жүйесінің жоқтығын көрсетіп отыр. Осыған байланысты, мемлекет тарапынан осы мәселеге аса көңіл аударылғаны жөн.

Адамның санасына құқықтық құндылықтар мен идеяларды жеткізу, оның күнделікті жүріс-тұрыс нормасына айналдыру құқықтық тәрбиенің басты міндеті болып табылады. Көп жағдайда құқықтық сананың төмендігі, материалдық және рухани игіліктердің не екені туралы түсінбеушілік қоғамға жат теріс қылықтарды тудырады. Осы себептен, құқықтық тәрбиенің негізі отбасынан бастау алады. Көптеген зерттеулер отбасының әлеуметтік жағдайы, ондағы психологиялық жағдай, баланың психикасының, әдеп, моралдық және құқық нормаларын қабылдауының, тәртіпті сақтауының себебі болатындығын көрсетеді [8].

Құқықтық тәрбиелеу адамдардың құқықтық білімдерін, көзқарастарын, идеяларын саналы түрде қабылдауына негізделеді. Олар жеке құқықтық сананың құлдырауының алдын алу және оны тудыратын себептер мен жағдайларды жоюға бағытталады. Оларды пайдалану құқықтық сана деңгейін арттыру мақсатында мемлекет пен қоғам жүзеге асыратын әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік-саяси, құқықтық, ұйымдастырушылық және басқа да шаралар жүйесімен қатар жүргізілуі керек [9, 26 б.].

Құқықтық тәрбиенің мектептік кезеңінің басталуымен қоғамдағы адамның жүріс-тұрыс ережелерін түсінуді тереңдету және жүйелеу, бастауыш құқықтық білімдер мен дағдыларды жетілдіруді талап етеді. Ол мектеп оқушыларының жас ерекшеліктерін, қоғамдық қатынастарды, құқықтар мен міндеттерді құқықтық реттеу ерекшеліктерін, жеке тұлғаның жауапкершілігін түсіну логикасын ескере отырып, бастауыш мектепке тән адамгершілік – құқықтық тәрбиенің әртүрлі нысандарына негізделуі тиіс.

Жалпы орта білім беру мектептерінде құқықтық тәрбие мен оқыту сапалы жаңа деңгеймен сипатталады, олар құқықтық білімдерді меңгеруде, қоғамдағы адамның мінез-құлық ережелерін, құқықтық сауаттылықтың рөлін түсінуде жүйелі сипатқа ие болады. Бұл ең алдымен «Құқық негіздері» дербес курсына оқу арқылы қамтамасыз етіледі. Курс Қазақстан Республикасының Конституциясын, азаматтардың конституциялық құқықтары мен міндеттерін, заңды жауапкершілік, мемлекеттік билік органдар жүйесі, құқықтық тәртіп және адамгершілік-құқықтық қасиеттерді қалыптастыруға ықпал ететін басқа да тақырыптарды қамтиды.

Мектептен кейінгі кезеңдегі яғни ЖОО құқықтық тәрбиелеу мен білім берудің мақсаты – студенттерді кейінгі еңбекке қажетті құқықтық білімдермен және дағдылармен қаруландыру. Айта өту қажет, бұл жас тобындағы жастардың құқықтық мәртебесі заң бойынша елеулі өзгерістерге ұшырайды. 18 жастан бастап жастар сайлануға және сайлауға, өз мүлкіне толық өз бетінше билік етуге, неке қатынасына түсуге және кез келген еңбек қызметімен айналысуға және тиісті материалдық жауапкершілікте болуға құқылы. Құқықтық тәрбиелеу студенттердің құқықтық санасына әсер етудің логикалық және тұжырымды құралдары арқылы, құқық салалары мен институттарын, қалыпты, кеңінен таралған қатынастарды реттейтін құқықтық нормаларының неғұрлым нақты, тәжірибелік маңызды нұсқаулығын меңгеру арқылы қол жеткізіледі.

Кейбір авторлардың пікірінше, жоғары оқу орындарында құқықтық материалды тереңірек меңгеру және нақтылау үшін келесідей арнайы курстар қарастырылуы керек: «Мамандандырудың құқықтық мәселелері, оның өзекті мәселелері», «Ғылыми-техникалық процесті құқықтық қамтамасыз ету» және т.б. [10]. Дәрістер, тәжірибелік сабақтар компьютерлер мен бейнетехниканы пайдалана отырып, «іскерлік ойындар» түрінде, студенттермен жеке жұмыстың әртүрлі нысандарында жүзеге асырылуы керек.

Өз кезегінде «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасы Заңы жастарды құқықтық тәрбиелеуде маңызды рөл ойнауы тиіс. Осы Заңның 3-бабында мемлекеттік жастар саясатының мақсаты жастардың рухани, мәдени, білім алып, кәсіби және дене бітімінің толыққанды дамуы, шешімдер қабылдау процесіне қатысуы, ойдағыдай әлеуметтенуі және олардың әлеуетін елді одан әрі дамытуға бағыттау үшін жағдайлар жасау деп көрсетілген [11].

Қорытынды

Біздің ойымызша, жастар саясатының мақсаты ретінде жастарды құқықтық тәрбиелеу мен оларға құқықтық білім беруде көрсетілуі керек. Осылайша құқық тәрбиелеудің үздіксіздігін және құқықтық менталитетті қалыптастырудың маңызды нысаны екенін белгіленеді. Сонымен қатар, аталған заңда мемлекеттік жастар саясатының негізгі бағыттарының бірі құқықтық мәдениет деңгейін арттыру, сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілікке тәрбиелеу деп көрсетілген. Дегенмен, осы заңда жастарды құқықтық тәрбиелеу және құқықтық білім беру мен ынталандырудың кешенді тетіктері көзделуі маңызды деп есептейміз.

Құқықтық тәрбиелеу процесінің жалпы азаматтық құқықтық білім мен дағдыны дамыту, кәсіптік қызметпен байланысты құқықтық құралдарды әзірлеу секілді маңызды аспектілерін назардан шығармаған жөн. Адам есейген сайын оның білімі мен әлеуметтенуі, мазмұны барған сайын толығып, кез келген құқықтық жағдайды жеке негіздеу қабілетімен толығы отырып, кәсіптік қызметпен байланысты арнайы құқықтық құралдардың негізгі және идеялық бастауы болып қала береді.

Қорытындылай келе, қоғам және азаматтарда құқықтық сана мен құқықтық мәдениетті қалыптастыруда құқықтық тәрбиелеудің маңызды зор. Құқықтық тәрбиелеу өз кезегінде құқық тасымалдаушылардың менталдық деңгейіне әсер ете отырып, олардың құқықтық менталитетін қалыптастыруға бағытталады. Осы себептен, құқықтық тәрбиелеу тетіктерінің құқық менталитетті қалыптастырудағы қажеттілігі мен маңыздылығын терең ғылыми түрде зерделеу қажет, оны бастауыш, орта білім беру, арнаулы және жоғары оқу орындарында құқық пәндерін оқытудың теориялық базасы мен әдістемелік құрал-жабдықтарын жан-жақты жетілдірмей жүргізу мүмкін емес.

Азаматтарды құқықтық мәдениетке тәрбиелеудің мақсаты ең алдымен әлеуметтік деңгейде анықталуы керек. Тұлғараалық қарым-қатынас мәдениетіне балабақша, мектеп қабырғасынан баулу арқылы өмірде өзара әрекеттестіктің ізгілік қағидаларын ерікті түрде орындай және қорғай білетін құқықтық мінез-құлықты қалыптастырылады. Осының нәтижесінде өнегелік-құқықтық мәдениеті жоғары тұлғаны әлеуметтендіруге қол жеткізіледі. Осы тұста құқықтық тәрбиелеудің құқықтықтық сана мен мәдениетті, тұтастай құқықтық менталитетті қалыптастырудағы ерекше маңызды әлеуметтік құқықтық құрал ретіндегі маңызды функция атқаратыны сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Мурунова А.В. Правовой менталитет и правовая идеология как структурные элементы правосознания. URL: <http://www.consultant.ru/> (дата обращения: 19.12.2016)
- 2 Пушкарев Л.Н. Что такое менталитет? Историографические заметки // Отечественная история. – 1995. – № 3. – С. 158.
- 3 Смоленский М.Б. Правовая культура как элемент социокультурного пространства: дис.д-ра социол. наук. – М.: РГБ, 2003. – С. 8.
- 4 Тадевосян Я.В. Словарь-справочник по социологии и политологии. – М.: Знание, 1999. – С. 126.
- 5 Джанибекова Н.А. Место правового воспитания в формировании правосознания молодежи / Н.А. Джанибекова, Ш.А. Зарипов // Молодой ученый. – 2013. – № 7(54). – С. 272–274.
- 6 Александров В.Б. Общечеловеческие ценности: диалог культур / В.Б. Александров // Культура и ценности: сборник научных трудов. Тверь: ТГУ, 1992. – С. 17–26.
- 7 Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы. URL: <http://adilet.zan.kz>.
- 8 Мукашева Г.К. Құқықтық тәрбие – құқықтық мемлекет негізі. Еліміздің Конституциясында – Қазақстан Республикасы. (articlekz.com).

- 9 Головченко В. В. Эффективность правового воспитания. – Киев, 1985. – С. 26.
- 10 Саткенов А.С. Аспекты правового воспитания среди молодежи РК. URL: //https://infourok.ru.
- 11 «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 9 ақпандағы № 285-V Заңы. URL: <http://adilet.zan.kz>.

REFERENCES

- 1 Murunova A.V. Pravovoj mentalitet i pravovaja ideologija kak strukturnye jelementy pravosoznaniya. URL: <http://www.consultant.ru/> (data obrashhenija: 19.12.2016). (In Russian).
- 2 Pushkarev L.N. (1995) Chto takoe mentalitet? Istoriograficheskie zametki // Otechestvennaja istorija. No. 3. P. 158. (In Russian).
- 3 Smolenskij M.B. (2003) Pravovaja kul'tura kak jelement sociokul'turnogo prostranstva: dis.d-ra sociol. nauk. M.: RGB. P. 8. (In Russian).
- 4 Tadevosjan Ja.V. (1999) Slovar'-spravochnik po sociologii i politologii. M.: Znanie. P. 126. (In Russian).
- 5 Dzhanibekova N.A. (2013) Mesto pravovogo vospitaniya v formirovanii pravosoznaniya molodezhi / N.A. Dzhanibekova, Sh.A. Zaripov // Molodoj uchenyj. No. 7(54). P. 272–274. (In Russian).
- 6 Aleksandov V.B. (1992) Obshhechelovecheskie cennosti: dialog kul'tur / V.B. Aleksandrov // Kul'tura i cennosti: sbornik nauchnyh trudov. Tver': TGU. P. 17–26. (In Russian).
- 7 Qazaqstan Respublikasynyñ 2030 jylğa deingı kezeñge arnalğan qūyqytq saiasat tūjyrymdamasy. URL: <http://adilet.zan.kz>. (In Kazakh).
- 8 Mukaşeva G.K. Qūyqytq tārbie – qūyqytq memleket negızı. Elımızdñ Konstıtusiasynda – Qazaqstan Respublikasy. (articlekz.com). (In Kazakh).
- 9 Golovchenko V.V. (1985) Jefferektivnost' pravovogo vospitaniya. Kiev. P. 26. (In Russian).
- 10 Satkenov A.S. Aspekty pravovogo vospitaniya sredi molodezhi RK. URL: //https://infourok.ru. (In Russian).
- 11 «Memlekettik jastar saiasaty turaly» Qazaqstan Respublikasynyñ 2015 jylgy 9 aqpadağy No. 285-V Zañy. URL: <http://adilet.zan.kz>. (In Kazakh).

Д.А. БАКИРОВ,*¹

м.ю.н., сениор-лектор.

*e-mail: d.bakirov@turan-edu.kz,

ORCID 0000-0003-3836-1998

¹Университет «Туран»,

г. Алматы, Казахстан

ЗНАЧЕНИЕ ПРАВОВОГО ВОСПИТАНИЯ В СОВЕРШЕНСТВОВАНИИ ПРАВОВОГО МЕНТАЛИТЕТА

Аннотация

Эффективное функционирование всех элементов имеет важное значение для правовой системы. Статья посвящена изучению правового менталитета, правовой культуры, правосознания, значения правового воспитания в формировании правового менталитета в казахстанском обществе. Низкий уровень правовой культуры и правосознания граждан приводит к ослаблению правовой культуры общества в целом и нестабильности правовой системы. В статье рассмотрены вопросы правовой культуры, правосознания и правового менталитета, понятие правового воспитания, их взаимовлияние, важные элементы. Необходимость изучения взаимодействия этих правовых явлений способствует поднятию уровня правосознания и правовой культуры в казахстанском обществе на новый уровень. Вопросы правосознания, правовой культуры и правового менталитета следует рассматривать комплексно, с учетом ментальных особенностей граждан в обществе, их общей системы ценностей. Это одно из важных направлений отечественной юридической науки. Результатом исследования является анализ современного состояния национальной правовой системы, развития правовой культуры, правосознания и правового менталитета с сегодняшней точки зрения, разработка направлений и мероприятий по их углубленному осмыслению.

Ключевые слова: общество, правовая культура, правосознание, правовой менталитет, правовое воспитание.

D.A. BAKIROV,*¹

master, senior lecturer

*e-mail: d.bakirov@turan-edu.kz

ORCID 0000-0003-3836-1998

¹Turan University,

Almaty, Kazakhstan

THE IMPORTANCE OF LEGAL EDUCATION IN THE IMPROVEMENT OF LEGAL MENTALITY

Abstract

The effective functioning of all elements is essential for the legal system. The article is devoted to the study of the legal mentality, legal culture, legal awareness, the importance of legal education in the formation of the legal mentality in Kazakhstani society. The low level of legal culture and legal awareness of citizens leads to a weakening of the legal culture of society as a whole and the instability of the legal system. The article deals with the issues of legal culture, legal awareness and legal mentality, the concept of legal education, their mutual influence, important elements. The necessity to study the interaction of these legal phenomena contributes to raising the level of legal awareness and legal culture in Kazakhstani society to a new level. Issues of legal awareness, legal culture and legal mentality should be considered comprehensively, taking into account the mental characteristics of citizens in society, their common system of values. This is one of the important areas of domestic legal science. The result of the study is an analysis of the current state of the national legal system, the development of legal culture, legal awareness and legal mentality from today's point of view, the development of directions and activities for their in-depth understanding.

Key words: society, legal culture, legal consciousness, legal mentality, legal education.

IRSTI 10.53.30
UDC 349.6
JEL K32

<https://doi.org/10.46914/2959-4197-2023-1-1-13-19>

N. SULEIMENOVA,*¹

m.l.s., senior lecturer.

*e-mail: n.suleimenova@turan-edu.kz

ORCID ID: 0009-0004-7336-6393

¹«Turan» University,
Almaty, Kazakhstan

DIGITAL ENVIRONMENTAL SECURITY IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Abstract

This article considers the issue of legal regulation of the digitalization of the environment in the Republic of Kazakhstan. The author analyses the current state of the environmental problem, digital environmental security and digital ecosystem in the development and implementation of new technologies. An analysis of international practice and the experience of the Russian Federation in the implementation of programmes for the digitalization of environmental security at the regional level is also given. Current environmental problems and the environmental crisis in various regions of our country and around the world cause the need to find new solutions using digital ecology and legality. Following the adoption of the new Environmental Code of the Republic of Kazakhstan in 2021, the country has embarked on a course of environmental reform, and this requires the adoption of smart solutions, including the use of digital ecology and legitimacy. Digital transformation affects data protection and security, information technology, technical design, liability and regulatory issues. Therefore, a comprehensive study of the legal regulation of digitalisation of the environment and its accessibility, the study of the conceptual framework, the legal mechanisms for establishing digital platforms for storing stocks of environmental information, the digitalisation and cybersecurity issues of environmental protection are much needed.

Key words: environmental law, environmental protection, environmental security, environmental information, digitalization, ecosystem.

Introduction

The stability of the development of any state depends to a large extent on the extent to which that state is able to effectively counter new challenges and threats in the modern world. Despite the importance of the impact of digital technologies on changes in the system of ecological security of public administration and its most important components – technological and natural security, many issues are not yet fully understood.

Currently, the country is in the process of creating such an organizational structure, which will enable a timely response to threats to environmental security, and the legal basis for its functioning is also being created. However, in spite of the positive effects of the accelerated introduction of digital technologies on the economy and public administration, there are a number of uncertainties in the field of environmental security.

The development of technological capabilities, combined with the social application of digital technology, is creating a new digital environment, which in turn requires training in environmental law relations. This environment plays an important and decisive role in the relationship between technology and the natural environment. Digitalization affects the security of the natural and human environment.

The relevance of the article of the legal regulation of digitalization in the field of environmental protection in the Republic of Kazakhstan is due to the fact that it has not been studied in a full legal context.

The aim of the article is a comprehensive study of the legal regulation of digitalization of the environment and ensuring its accessibility, the study of the foundations, legal mechanisms for creating

digital platforms for storing stocks of environmental information, the problems of digitalization and cybersecurity of environmental protection.

Regarding the theoretical significance of the article, it is due to the fact that its results complement the theoretical concepts of environmental law with new scientific evidence and results.

Materials and methods

The serious environmental problems and environmental crises currently occurring in our country and in some regions of the world require smart solutions, including the use of digital ecology and law. However, there are still many questions that need to be answered regarding the legal implementation of digitalization strategies. Digital transformation has implications for data protection, security, contracting, liability and regulatory issues.

As scientists note: “Sustainable development depends to a large extent on the preservation of the biosphere and natural capital, together with the technosphere and sociosphere. However, in real life, ecological aspects are often neglected. In recent years there have been changes in the formation of economies, especially in the strengthening of the environmental component” [1, p. 85].

The head of state signed a new Environmental Code in 2021. The Minister of Ecology, Geology and Natural Resources Magzum Mirzagaliyev noted that “the document is primarily aimed at reforming the state of the environment in Kazakhstan. With the adoption of the new code, the air over Kazakhstan should be cleaner, especially in industrial areas,” writes M. Mirzagaliyev [2].

The Code provides for a transition to integrated environmental permits for facilities in the first category related to the implementation of the best available technologies [3]. However, there is a proposal that such permits should be obtained for newly commissioned facilities.

“Over the next few years we will conduct an audit, we have already started with the main polluters. After that, a list of technologies will be prepared to reduce emissions of these enterprises. Reference books on best available technologies will be prepared.

After that, the first 50 largest enterprises in Kazakhstan, which account for 80 per cent of emissions, will have a transition period from 2025 to 2035. Why 10 years? It is a financially and technologically complicated process. Everything has to be designed, ordered, brought in and installed. It’s not easy, somewhere there will be a need to change the technology,” explained Magzum Mirzagaliyev [2].

Methods of research - modern knowledge of the law, the doctrine of the interaction of nature and society, the dialectical method, the main method of objective and comprehensive knowledge of reality, as well as historical and formal-logical methods, including methods of deduction and induction, analysis and synthesis. Of the special research methods, we use the logical-legal, systemic, functional, comparative-legal methodology, as well as methods of legal sociology.

Literary review

